

## Иттерді, мысықтарды және жыртқыш хайуандарды күтіп-ұстау Ережесін бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2003 жылғы 18 шілдедегі № 174 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 4 тамызда № 2405 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2009 жылғы 5 қарашадағы № 210 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 05.11.2009 № 210 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 6-бабының 1-тармағы 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 311 бабының, 3 бабының 2 тармағына сәйкес және әзірленген ережені ескере отырып Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Иттерді, мысықтарды және жыртқыш хайуандарды күтіп-ұстау Ережесі бекітілсін (қосымша).

*О н б е с і н ш і с е с с и я*

*төрағасы*

*А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы*

*хатшысы*

Қ а р а б а л ы қ а у д а н д ы қ  
мәслихаты екі н ш і ша қ ы р ыл ған  
о н б е с і н ш і с е с с и я с ы н ы ң  
2 0 0 3 ж ыл ғы 1 8 ш і л д е д е г і  
№ 174 шешімімен бекітілді

## **Иттер, мысықтар және жыртқыш хайуандарды күтіп-ұстау ЕРЕЖЕСІ**

1. Елді мекендерде иттерді тек қана оқшаулау аумақтарда (жақсы қоршалған аулада немесе торлы қорада) немесе байлап ұстау.
2. Жалпы пайдалану орындарында асхана, коридор, басқыш алаңы, төбеде,

жер қабатында итпен мысықтарды коммуналдық пәтерлерде тұратындар ұстамайды және пәтерлерде жануарларды ұстауында бекітілген Ережені сақтау.

3. Иттерді оқшау тұрған үйлерден және аумақтардан жалпы аулаға немесе далаға қысқа немесе томағамен шығару. Томағасыз иттерді тек қана қора-қора мал мен табын жанында ұстау, айтақтау кезінде, аңшылықта, оқу жаттықтыру алаңдарында, арнайы ұйымдармен шапша орындағанда рұқсат етіледі.

4. Иттер (мысықтар) өлуі және аурулары туралы ветеринарлық мекемелерге тез хабарлансын. Ал адамдарды немесе малдарды ит (мысық) тістеген жағдайда медициналық-ветеринарлық мекемелерге хабарлансын.

5. Ветеринарлық қызметінің нұсқауы бойынша иттерді (мысықтарды) құтыруға қарсы және емдеудің алдын-алу өңдеуін егу және тексеру үшін ұсыну.

6. Иттерді сату, сатып алу, сондай-ақ тасымалдау республикамыздың басқа облыстарына барлық көлік түрлерімен ветеринарлық куәлік көп дегенде он екі ай құтыруға қарсы вакцинация өткізілгені туралы белгі бар болғанда рұқсат етіледі (және шығарарда кем дегенде отыз күн).

7. Иттерді олардың тұқымына қарамастан және көшеде, нарықта, бақшаларда, бульварда, қала көлігінде және басқа қоғам орындарында иесіз, сондай-ақ үйсіз мысықтар қаңғыма болып саналады және ұстап алуға жатады.

8. Иттердің иелері оларды байлап күтіп-ұстауы міндетті және қақпада "Абайла, ит" деген міндетті түрде тақпаша болуы керек. Иттерді серуендеуге шыққанда үй жануарлары мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет.

9. Адамдар мен малдарды тістеп алған иттер (мысықтар) және басқа жануарлар иелеріне немесе он күн ішінде карантинмен тексеру үшін ветеринарлық мекемелерге қаңғыма иттер мен мысықтарды ұстап алу бойынша арнайы бригадаға тез жеткізіледі. Адамдарды екінші рет тістеп алған иттер (мысықтар) күтіп-ұстау Ережесін сақтамау салдарынан алып қойылады.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 311 бабына сәйкес азаматтарға немесе лауазымды тұлғаларға осы Ережені бұзғаны үшін ескерту немесе айыппұл салуға әкеліп соғады.